

Қазақстан Республикасы делегациясының Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) өтетін 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын мерекелеуге қатысуы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 27 сәуірдегі N 101-ө Өкімі Қазақстан Республикасы делегациясының Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) өтетін 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын мерекелеуге қатысуы мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен:

1) қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы делегациясының (бұдан әрі - делегация) мүшелеріне 2005 жылғы 6-11 мамыр кезеңінде қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Астана - Мәскеу - Астана бағыты бойынша көліктік шығыстарға 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 005 "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен валюта айырбастаудың берілетін күнгі нарықтық бағамы бойынша;

2) Мәскеу қаласында болатын кезеңде көліктік қамтамасыз етуге, мәдени іс-шараларға, сондай-ақ өзге де қолма-қол ақшалай шығыстарға 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 357500 (үш жүз елу жеті мың бес жүз) теңге сомасына шетелдік валютада қаражат бөлсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) делегация мүшелері үшін, оның ішінде Астана қаласының әкімі мен делегациямен бірге жүретін адамдар үшін киімнің бірыңғай нысанын тіктіруді және онымен қамтамасыз етуді;

2) 2005 жылы 5 мамырға тиісті аумақта тұратын делегация мүшелерінің Астана қаласына дейін жол жүруін және олармен бірге жүруді қамтамасыз етсін.

3. Астана қаласының әкімі делегация мүшелерін Астана қаласында болуы кезеңінде орналастыруды, олармен бірге жүруді, оларға көліктік қызмет көрсетуді, сондай-ақ тамақтандыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Астана - Мәскеу - Астана бағыты бойынша және Мәскеу қаласында болуы кезеңінде делегация мүшелерімен бірге жүруді және оларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі:

1) 2005 жылғы 30 сәуірге дейін делегация мүшелерін медициналық куәландыруды;

2) ақша қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген тәртіппен 2005 жылғы 6 - 11 мамыр кезеңінде делегация мүшелері үшін Астана - Мәскеу - Астана бағыты бойынша авиабилеттерді брондауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 27 сәуірдегі
N 101 - ө өкіміне

қосымша

**Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) өтетін
1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы
Жеңістің 60 жылдығын мерекелеуге қатысатын**

Қазақстан Республикасы делегациясының құрамы

Ұлы Отан соғысының ардагерлері:

Әлейбекұлы	- аға лейтенант
Иманберді	
Жарболов	- полковник
Бірімжан	
Муренцев	- сержант
Василий Николаевич	
Сергазин	- гвардия полковнигі
Шайдахмет Серғазыұлы	
Зиманов	- полковник
Салық Зиманұлы	
Жиенбаев	- аға сержант
Сұлтан Сүлейменұлы	
Батырбеков	- аға сержант
Мұштай Батырбекұлы	
Гуляев	- полковник
Виктор Павлович	
Қабимолдин	- подполковник
Жабықбай	
Блудский	- аға сержант
Михаил Андреевич	
Дәулетов	- аға сержант
Асылбек Жазыұлы	
Аманғосов	- аға сержант
Ғанибай	

Қ у а н ы ш е в	- к а п и т а н
Бағит	
А с ы л б а е в	- п о д п о л к о в н и к
Қабдолла Арабайұлы	
Д ү й с е к е н о в	- а ғ а л е й т е н а н т
Ақаш	
Б р а й к о	- к а п и т а н
Алексей Макарович	
Қ ұ д а б а е в	- к а п и т а н
Байғанбек	
В о р о н ц е в	- п о л к о в н и к
Георгий Евдокимович	
Ә д і л о в	- п о д п о л к о в н и к
Шәбден Әділұлы	
Қ ұ с п а е в	- п о л к о в н и к
Қасен Жақатұлы	
К е н ж е б а е в	- с е р ж а н т
Сағын	
Сүлейменов	- гвардия аға сержанты
Мұташ Сүлейменұлы	
М ә к е н б а е в	- а ғ а л е й т е н а н т
Қалкен Мәкенбайұлы	
Лактюшин	- гвардия аға сержанты
Петр Васильевич	
Қ а л и е в	- п о л к о в н и к
Ыдырыс	
А н д р е е в	- а ғ а с е р ж а н т
Николай Александрович	
Ә л ж а п а р о в	- п о л к о в н и к
Қазыбек Қалиұлы	
Д о с а н о в	- а ғ а с е р ж а н т
Аманғали	
Ж ұ м а б е к о в	- п о д п о л к о в н и к
Қабиден Әкімбекұлы	
Щ е р б и н к о	- п о л к о в н и к
Василий Иванович	
С м а ғ ұ л о в	- с е р ж а н т
Серік Сейітқазыұлы	

П е н ч у к	- с е р ж а н т
Петр Михайлович	
Е с е т о в	- с е р ж а н т
Расул	
Ш а л я	- г в а р д и я с е р ж а н т ы
Анна Федоровна	
Б а б а е в	- к а п и т а н
Алтыбай Бабайұлы	

Бірге жүретін адамдар:

Қабыкенова	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Раушан Қасымқызы	министрлігі арнайы көмек бөлімінің
бастығы	
Тоқтамысова	- "Отан соғысының мүгедектеріне арналған
Ғалия Асқарқызы	орталық клиникалық госпиталь" бас
басқармасының кардиолог дәрігері	
Есқараев	- "Ұлттық ғылыми медициналық орталық"
Талғат Шәкенұлы	республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
кардиореаниматолог дәрігері	
Ахмедина	- "Отан соғысының мүгедектеріне арналған
Зәуре Теміртасқызы	орталық клиникалық госпиталь" бас
басқармасының медбикесі	
Қаһарманов	- Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Мағжан Ғәділшинұлы	министрлігі Штаб бастықтары
	комитетінің Тәрбиелік және
	психологиялық жұмыс департаменті
бөлімінің аға офицері	